



ПРЕЗИДЕНТ

ҚАЗАҚСТАН, ӘЗЕРБАЙЖАН, ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТТЕРІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

Дүниежүзілік климат саммитінің аясында мемлекеттер басшылары Қасым-Жомарт Тоқаев, Ильхам Әлиев пен Шавкат Мирзиёев Қазақстан Республикасы, Әзербайжан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы жасыл энергияны өндіру және беру саласындағы стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойды.

Мемлекет басшысы бүгінгі айтулы оқиға орнықты дамуға ортақ ұмтылыс тарихының жаңа парағын ашқанын атап өтті.

«Стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қою – Орталық Азия мен Оңтүстік Кавказ өңірлерінің ұшжақты ынтымақтастығын дамытудағы маңызды кезең. Құжат елдеріміздің энергетикалық жүйелерін интеграциялау, сондай-ақ Еуропа елдері мен басқа да нарықтарға экологиялық таза энергияны жеткізетін сенімді дәліздерді қалыптастыру үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Мұнда Қазақстан ірі транзит аумағы ретінде үлкен рөл атқарады. Аталған келісімнің нақты нәтижелері үш елдің экономикаларын біріктіріп, Орта дәлізді «жасыл көпір» ретінде дамытуға ықпал етеді. Бұл маңызды саладағы тығыз ынтымақтастық мемлекеттер арасындағы тәжірибе мен озық технологияларды алмасуға серпін береді, сондай-ақ энергетикалық қауіпсіздігімізді нығайтуға септігін тигізеді», деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, көміртегі бейтараптығына жетуді мақсаттың Қазақстан үшін жасыл энергетика маңызды бағыт саналады. «Біз қазба байлықтарға тәуелділікті азайтуға белсенді түрде кірістік. Технологиялық инновацияларды дамытып, экологиялық орнықты өркендеуге демеу болатын инфрақұрылым құруға бет бұрдық. Қазақстан шетелдік серіктестермен жалпы қуаты 43 ГВт болатын «жасыл» жобаларды жүзеге асыру жөнінде уағдаластыққа қол жеткізді», деді Мемлекет басшысы. Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев



бүгінгі келісімдер үш мемлекет арасындағы бауырластық қатынастар мен стратегиялық серіктестікті жаңа деңгейге шығаратынын атап өтті.

«Орталық Азия мен Кавказ өңірі көптеген мәселе бойынша, соның ішінде «жасыл» энергияны дамыту саласында бірлесіп әрекет етеді. Біз қайта жаңғырылатын энергия көздері бағытында Қазақстан мен Өзбекстанның ауқымды жоспарлары мен қол жеткізген жетістіктері жайында жақсы білеміз», деді Әзербайжан Президенті.

Өзбекстан Президентінің пікірінше, бүгінгі келісім экономикалық мақсатты ғана көздемейді, бұл – болашаққа қосылған ортақ үлес.

«Аталған жобаның экологиялық маңызын ерекше атап өткім келеді. Желден, күннен алынатын қуат климаттың жұмсаруына өсер етеді. Осы арқылы біз Париж келісімі аясында климатты қорғау жөнінде бірлескен күш-жігерге қолдау білдіріп, орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге атсалысамыз», деді Шавкат Мирзиёев.

Бұдан бөлек, іс-шарада мемлекеттер басшыларының қатысуымен Қазақстанның Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев, Әзербайжанның Энергетика министрі Парвиз Шахбазов, Өзбекстанның Энергетика министрі Жұрабек Мирзамахмудов және Сауд Арабиясының Энергетика министрі Әбдел Азиз бен Салман Әл Сауд Жасыл энергияны дамыту және беру саласындағы ынтымақтастық туралы атқарушы бағдарламаға қол қойды.

Ақорда.

БІЛІМ БЕРУ

ӨНІРДЕГІ АЛҒАШҚЫ «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЕСІГІН АЙҚАРА АШТЫ

Облыс орталығында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынған алғашқы мектеп ашылды. «Жайлы мектеп» «Орман» шағынауданында орналасқан. Бұл мектепте «Бірлік», «Орман», «Төбелсіздік» және «Семетей» шағынаудандары тұрғындарының балалары білім алады. Білім саясатының амалына оңір басшысы Гауез Нұрмұхамбетов қатысып, мектептің аралық көрді.

Мектеп екі блоктан тұрады. Біріншісінде бастауыш сынып оқушылары, екіншісінде орта буын мен жоғары сынып оқушылары оқиды. Әр блокқа кіру есігі бөлек. Бастауыш сыныптарына арналған өз дене шынықтыру залы, лингвистика кабинеті, музыка, робототехника, информатика кабинеттері бар. Асханаға да бөлек есіктен кіреді.

«Мектепте 50 кабинет болса, соның 30-ы – пәндік, үш шеберхана, екі спорт залы бар. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін де жағдай жасалған, арнайы жолдар, желдесаты, ақт залында көтеріні қарастырылған. Мектеп 600 балаға шақталған. Қазіргі уақытта 315 оқушы оқым жағар. Соның 103-і №16 мектептен ауысып келді. 100-ден астам оқушы «Бірлік» шағынауданынан келіп оқиды», – дейді мектептің директоры Гүлжан Жақанова.

Оқу ордасының құрылысына 5 млрд. 600 млн. теңгеден астам қаражат жұмсалған.

«Мен ұлттық жоба аясында салынған білім ордасының құрылысын үнемі назарда ұстадым. Мұнда балалардың тізді білім алуына, жанжалы дамуына барлық жағдай жасалған. Барлық сыныптар соңғы үлгідегі оқу құралдарымен жабдықталды. Өз жұмысын сапалы



орындаған мердігер ұйымға алғысымды білдіремін», – деді өңір басшысы Гауез Нұрмұхамбетов.

Жалпы өңірде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 4 білім мекемесін салу

жоспарланған. Облыстық білім басқармасының мәліметінше, оның екеуі биыл, қалғаны келесі жылы пайдалануға берілмек.

ДЕМОГРАФИЯ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АҚУАЛ

2024 жылғы 1 қазанға облыстағы халық саны 524 мың адамды құрады, оның ішінде қалалықтар – 258 мың адам (49%), ауылдықтар – 266 мың адам (51%).

2024 жылғы қаңтар-қыркүйек ішінде 3862 нәресте туылғаны тіркелді. Туылғандардың ішінде 1977 – ұл бала және 1885 – қыз бала. Жаңа туған балалардың ішінде 1584 (41%) облыс орталығында туған.

Облыс аудандары арасында ең жоғары туу коэффициенті Уәлиханов ауданында – 14,61 промилле, Ақжар ауданында – 12,06, Жамбыл – 11,28, Шал ақын – 11,07 промилле тіркелді. Облыс бойынша ең төмен туу көрсеткіші Аққайың ауданында – 7,72, Ғ.Мүсірепов атындағы – 8,71, Есіл – 9,02, Қызылжар ауданында – 9,29 промилле.

2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте 4535 адам қайтыс болды. Халықтың негізгі өлім себептері арасында ең үлкен үлес салмақты жүйке жүйесінің ауруларынан (21,5%), қан айналымы жүйесінің аурулары (15,8), тыныс алу органдарының аурулары (14,4), ас қорыту органдарының аурулары (9,2), жаңа өскіндер (8,4), жазатыным оқиғалар, ұлану мен жарақаттану (6,8%) алады. Өлім-жітім коэффициенті облыс бойынша 11,52 промилле құрады.

Қаралатын кезең ішінде 2388 неке тіркелді. Азаматтық хал актілерін тіркеу органдарының деректері бойынша 1118 ажырасу тіркелді.

MEMLEKETTİK ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

ЕЛІМІЗДЕ АӨК ӨНІМДЕРІ ЭКСПОРТЫН ҰЛҒАЙТУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР

Ауыл шаруашылығы дақылдары экспорттың өсуі

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ (ҚТЖ) деректері бойынша елімізде жыл басынан бері астық экспорттың өсуі тіркелді, бұл ретте жаңа тасымалдау бағыттары игеріліп жатыр. Атап айтқанда, арпа, жасымық және жүгері тасымалы бірнеше есе артқаны байқалады.

«Қазақстандық арпаны Иран соңғы екі айда сегіз есе өсіммен қайта импорттай бастады. 10 айда арпа экспорттық тасымалы 710 мың тоннаны құрал, 69%-ға өсті», деп хабарлады ҚТЖ баспасөз қызметі.

Жүгері дәнінің экспорты биыл 1,5 есе өсіп, 117 мың тоннаны құрады. Тәжікстанға тасымалдау 38%-ға, Өзбекстанға тасымалдау 3 еседен астамға өсті. Сондай-ақ биыл Иранға жүгері дәнін тасымалдау басталды.

Жасымық экспорты 7 есеге артып, 80 мың тоннаға жетті, басым бөлігі Еуропа елдеріне жіберілді.

ҚТЖ мәліметінше, бұршақ тасымалы үш есеге артты. Қазақстаннан Ауғанстанға импорт көлемі екі есе, Өзбекстанға үш есе өсті. Сондай-ақ күрші өндірушілер Өзбекстан мен Беларусь жаңа нарықтарын игеру арқылы экспортты +47%-ға (52 мың тонна) арттырды.

Сонымен қатар 2024–2025 маркетинг жылында Қазақстан Қытайға май өнімдерін экспорттау бойынша рекорд жаңартып, \$250 млн көрсеткішіне жеткізуді көздеп отыр.

Майлы дақылдарды өңдеушілер ұлттық қауымдастығының (МДӨҰК) басқарма төрағасы Ядыкар Ибрагимовтің айтуынша, экспорттың өсуіне ықпал ететін факторлардың бірі – Қазақстанда өндірілген ақуызы жоғары жемшөптер үшін Қытай нарығының ашылуы болып табылады, ол үшін қытайлық сатып алушылар жоғары баға ұсынып отыр. Қазақстанның май зауыттары Шанхайда өткен Қытай халықаралық импорт көрмесінде \$56 млн-ға келісімшартқа отырды. Ядыкар Ибрагимовтің айтуынша, Шанхайда биыл отандық 12 май зауыты май өнімдерін ұсынады.

Бүгінгі таңда Қытай отандық май өнімдері экспорты бойынша қаржылай көрсеткіште көш бастап тұр. Майлы дақылдар өңдеушілер ұлттық қауымдастығының басқарма төрағасы қазақстандық 24 май зауытын Қытай кеден тізіліміне жедел енгізуге жәрдемдескен салалық министрліктер — ҚР Сауда және интеграция министрлігі мен ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі тарапынан болған қолдаудың маңыздылығы атап көрсетті. Сондай-ақ өсімдік майларының ай сайынғы экспорттық көлемін біркелі бөлу бойынша «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-мен үйлестірілген жұмыс маңызды әспект болып саналады. Май өңдеушілер елі жыл ішінде Қытайға өсімдік майы мен мал азығы экспортын \$300 млн деңгейінде жеткізуді жоспарлап отыр.

Қазақстанның СІЕ–2024 көрмесінде қатысуы Қытай нарығына май өнімдері

Елімізде импортты алмастыру және бәсекелестік артықшылықтарды арттыру мақсатында ауыл шаруашылығы саласын дамыту бойынша пәрменді шаралар қабылданып келеді. АӨК-ті жеңілдікпен қаржыландыру көлемі өсіп, субсидиялау жүйесі реформаланып жатыр, ауыл шаруашылығы техникасы өндірісі мен лизинг көлемі артып келеді. Мұның барлығы өз нәтижесін беріп, Қазақстан бүгінде ішкі қажеттіліктерді қамтамасыз етуге күш салып қана қоймай, ауыл шаруашылығы өнімдері экспорттың арттыруға ұмтылып жатыр.



экспорттың кеңейту мен еліміздің Азиядағы сауда позициясын нығайтудағы маңызды қадам болды.

Қазақстандағы ауыл шаруашылығының экспорттық әлеуеті айтарлықтай үлкен, бұл оның ірі нарықтарға: Қытай, Ресей, Иран, Өзбекстан, Ауғанстан, сондай-ақ Парсы шығанағы елдеріне жақын болуына байланысты.

Ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңарту бойынша қолдау шаралары

Өнеркәсіптік инвесторлар одағының деректері бойынша Қазақстанда ауыл шаруашылығы техникасы өндірісінің жылдық көлемі 263 млрд теңгені құрайды, 2025 жылы 300 млрд теңгеге дейін өседі деп болжанып отыр. Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау саласында 8 кәсіпорында тракторлар мен астық жинайтын комбайндар шығарылады, бұл қазірдің өзінде шаруалардың осы техникаға деген жылдық қажеттілігін толық қамтамасыз етіп отыр. Тағы 20-дан астам кәсіпорын тіркеме және аспалы ауылшаруашылық техникасы мен жабдықтарын шығарып, импортқа тәуелділікті азайтып отыр. Бүгінде тракторлар мен комбайндардың, сондай-ақ аспалы және тіркемелі ауыл шаруашылығы техникасының әрбір шығарылатын үлгісіне дәнекерлеу, кесу, ию және бояу операциялары орындалады. Трактор кабиналарын дәнекерлеу және бояу, сондай-ақ энергиямен қанқықан тракторлар

корпусы элементтеріне пластикалық бөлшектерін дайындау мерзімінен бұрын игерілді. Келесі жылы өндірушілер астық бункерлерін, көлбеу камераларды, ұсақтағыштарды және комбайн кабиналарын жасау бойынша операцияларды меңгеруді жоспарлап отыр. Еліміздегі ең ірі ауыл шаруашылығы техникасы мен автоөнеркәсіпке арналған 25 мың бірлік трактор, агрегат, компонент пен қосалқы бөлшек шығарады.

Биыл отандық ауылшаруашылық техникасын сатып алғанда шаруаларды субсидиялау туралы шешім қазірдің өзінде нәтиже беріп отыр: жетекші шетелдік өндірушілер біздің нарыққа қызығушылық танытып жатыр. Осылайша, Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, әлемге әйгілі John Deere компаниясы Қазақстандағы жергілікті қатысуын құрастыру кооперациясы арқылы кеңейтуді жоспарлап отыр.

Deere & Company, Eurasia Group және «Байтерек» холдингі құрастыру ынтымақтастығы арқылы John Deere компаниясының Қазақстандағы жергілікті қатысуын кеңейтуге бағытталған меморандумға қол қойды. Бұл стратегиялық серіктестік инновацияларды ынталандыруға, жергілікті өндірістің қуаттарды нығайтуға, елдің тұрақты экономикалық өсуіне ықпал етуге арналған

және Қазақстанның ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібінде алдыңғы қатарлы технологияларды енгізуге, цифрлық трансформацияға және тиімділікті арттыруға бағытталады, деп атап көрсетті Ауыл шаруашылығы министрлігі.

«Ең озық технологияларды пайдаланатын және білім алмасуды қолдау арқылы біз экономикаға да, жергілікті қауымдастықтарға да пайда әкелетін тұрақты өсудің негізін қалап жатырмыз», деді, John Deere ТМД және Орталық Азиядағы ауыл шаруашылығы және көгал жабдығылары бизнесінің президенті Чабба Лейко.

Eurasia Group – Қазақстандағы John Deere техникасының ресми дилері.

Айта кету керек, Ауыл шаруашылығы министрлігі арқылы ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңарту бойынша қабылданған шаралар аясында биыл келесі бағдарламалар жүзеге асырылды:

1. Ауыл шаруашылығы техникасын субсидиялаудың жаңа тетіктері қабылданды:

- инвестициялық субсидиялау бағдарламасын іске асыру шеңберінде өндірісі Қазақстанда жолға қойылған техниканың импорттық аналогтарын субсидиялау мүмкіндігі алынып тасталды;
- ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу үшін несиелер/лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялаудың сараланған тетігі қолданылды (отандық өндіріс техникасын сатып алу үшін сыйақы мөлшерлемесі 6%-ға дейін, импорттық техника үшін 15%-ға дейін субсидияланады).

Жаңа тәсілдер қосымша бюджет қаражатын тартпай, отандық кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы техникасын субсидиялау көлемін екі еседен астамға арттыруға мүмкіндік береді.

2. Биыл маусым айынан бастап алғаш рет сыйақы мөлшерлемесі жылына 5% болатын 120 млрд теңге сомасына отандық өндірістің ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдікті лизингін ауқымды бағдарламасы іске қосылды.

Келесі жылы жеңілдікті лизинг бағдарламасының бюджетін 200 млрд теңгеге дейін ұлғайту жоспарланып отыр. Қабылданған шаралар өз нәтижесін беруде. Шаруалардың техника сатып алу қабілетін арттыруда оң динамика байқалады.

Мәселен, «ҚазАгроҚаржы» АҚ ақпаратына сәйкес, биылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 8 796 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы сатылды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен (5 795 бірлік) 52%-ға артық.

Ауыл шаруашылығы министрлігі аталған мемлекеттік қолдау шараларын жүзеге асыру отандық ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу көлемін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік беретінін, сонымен қатар отандық ауыл шаруашылығы машиналарын жасау кәсіпорындарының дамуына мультипликативті әсер ететінін атап көрсетті.

САДАМ ЖӘНЕ ЗАН

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ОРТАҚ МІНДЕТ

«Коррупция» термині латын тілінің «сөггітпеге» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекет органын, қоғамдық қарым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «парлаза сатып алу» терминімен сәйкес, яғни лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сеніп тапсырылған құқығын заңға және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, босқалаушылық, сөзбұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалануы. Көбіне бұл термин бюрократиялық аппаратқа және саяси элитаға қатысты жиі қолданылады. Осыған сай термин әдетте бастапқы латын сөзінің бірінші мағынасынан шығатын кең мағынаға ие, өдессіздік тәртіпті білдіреді.

Бүгінгі таңда «Коррупция» яғни жемқорлық қоғамымызда қатты алаңдатып отырған келесі көрсеткіштердің бірі екені жасырын емес. Бұл қылмыс түрімен қоғам болып күресу мақсатында көп іс-шаралар қолға алынууда. Осы бағыттағы заңнамалар жетілдіріліп, жемқорлықтың алдын алуға баса назар аударылады. Жемқорлықпен күрес

тек мемлекеттік қызметшілердің ғана емес еліміздің әр азаматының міндеті. Өйткені, жемқорлықтың параны алу ғана емес ол параны беру де есептеледі. Егер де азаматтар параны ұсынбаса немесе пара сұраған кезде тиісті құқық қорғау органдарына уақытында жүгінсе жемқорлық өлде қайда азаяр еді.

Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлықты түбегейлі алып тастау оңай емес. Бұл көбінің қазіргі уақытта қанына сіңіп кеткен десе де болады. Бұл заманда оңай байыл көтемің деушілердің өкінішке орай саны өте көп. Сондықтан онымен күресті өсіп келе жатқан ұрпаққа мектеп қабырғасынан қосымша пән ретінде қосып, оның қандай



Қанат ЖҮКЕНОВ, аудандық сот өкімінің басшысы.

ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ ҮӘКІЛДІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мемлекеттік орган басшыларының бейтараптығы негізді күмән тудыратын, лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауға әкеп соғатын мән-жайлар (мүдделер қақтығысы) болған кезде әдеп жөніндегі үкелі өз қызметін дербес негізде жүзеге асырады.

жөніндегі үкелілетті органмен өзара іс-қимылы үкелілетті орган мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі үкелілетті органның бірлескен құқықтық актісіне сәйкес жүзеге асырылады.

Әдеп жөніндегі үкелі өзінің функцияларына жататын мәселелер бойынша мемлекеттік қызметшілерді және басқа да азаматтарды олардың өтініші бойынша немесе баршаға көрінетіндей жерде орналастырылған кестеге сәйкес айына

көмінде бір рет қабылдауды жүзеге асырады.

Қажет болған жағдайда, азаматпен немесе мемлекеттік қызметшімен әңгімелесу телефон арқылы не тиісті ақпарат беруді қамтамасыз ететін басқа да коммуникациялар құралдарын пайдаланумен жүргізілуі мүмкін.

Әдеп жөніндегі үкелі туралы мәліметтер, оның ішінде тегі, аты-жөні, фотосуреті, кабинет және телефон нөмірлері

заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органның интернет-ресурсында және мемлекеттік органның ғимаратында баршаға көрінетіндей жерде орналастырылады.

Қызметтік әдеп нормаларының сақталуын, сондай-ақ ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін мониторингтеу мақсатында әдеп жөніндегі үкелі көмінде жарты жылда бір рет үкелілетті орган бекіткен нысан бойынша анонимді сауалнама жүргізіледі.

Николай БОРЗИЛОВ, облыстық департаменттің әдеп жөніндегі үкелі.



Әдеп жөніндегі үкелі өз қызметінің нәтижесі бойынша үкелілетті органға есеп береді. Есеп беру нысанын және мерзімдерін үкелілетті орган бекітеді. Әдеп жөніндегі үкелінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

14 ҚАРАША - САПА КҮНІ

Дүниежүзілік Сапа күні - қарашаның екінші бейсенбінде өлемнің көптеген елдерінде өткізілетін жыл сайынғы іс-шара. Бұл күнді құрудың бастамашысы - Еуропалық сапа ұйымы.

САПА - ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ



Дүниежүзілік сапа күнінің басты міндеті әлемдік нарықта ұсынылған қызметтер мен өндірілетін өнімдердің жоғары сапасының маңыздылығын арттыру болып табылады. Мерекенің негізгі мақсаттарының бірі - тауарлар мен қызметтердің сапа деңгейіне байланысты мәселелерге назар аударуға ықпал ететін қызметті күшейту және ілгерілету. Тауарларға сөйкес келетін бірінші критерий - бұл адамдар мен қоршаған ортаның қауіпсіздігі, екіншісі - олар тұтынушылардың мәлімделген нормаларына, сұраныстары мен үміттеріне жауап беруі керек.

Сапа ұғымы қазіргі өркениеттің пайдасы деп атайтын нәрсемен, өмір сапасымен тығыз байланысты - бұл қоршаған ортаны сақтау, адамның физикалық денсаулығы мен психологиялық жайлылығы. Мысалы, біздің денсаулығымыз тамақпен сүзудің сапасына байланысты. Біздің еліміздің халқы, әлемнің басқа елдері сияқты, тек сапалы тауарларды сатып ала алуы керек.

Сапа саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты Қазақстан экономикасының орнықты дамуы, халықтың көбірек жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету, әлеуметтік проблемаларды шешу және, сайын келгенде, азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру үшін ішкі және сыртқы нарықтарда отандық өнімдер мен қызметтердің

бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету болып табылады.

Біздің мемлекет жосықсыз өндірушілермен күресу үшін көп нәрсе жасайды. Тауарлар олардың қолданыстағы МЕМС, ҚР СТ және басқа да нормативтерге сәйкестігіне тексеріледі. Өзіңізді сапасыз тауарлардан қорғау үшін ақпарат пен сапаны бақылау қажет. Ең алдымен, сатып алушылар сапалы өнімді жалғандықтан қалай ажыратуға болатындығын, өнімнің сапасын қандай параметрлер бойынша бағалауға болатындығын білуі керек.

Жыл сайын Қазақстан Республикасында түрлі конкурстар өткізіледі, онда қазақстандық тауарлар мен қызметтердің үздік үлгілері қойылады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын Сапа», «Қазақстанның үздік тауары» және т.б. сыйлығын алуға арналған конкурстар жұмыс істейді.

Қазіргі жағдайда сапа үшін күресу керек. Мұны тұтынушылар ғана емес, өндірушілер де жасауы керек. Өйткені, өнімнің жоғары сапасы ғана компанияларға біздің нарықтағы ең қатал бәсекешілікке төтеп беруге көмектеседі.

Дүниежүзілік сапа күні қарсаңында жұмысты ұйымдастыратын, сапаға қатысы бар барлық адамдарды құттықтаймыз. Сапаны жүйелі түрде жақсарту арқылы тұтынушылардың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыру кәсіпкерлік субъектісінің экономикалық өсуінің негізі болып табылады, өйткені қазіргі жағдайда сапа кез-келген кәсіпорнында, кез-келген саланың және, әрине, әр елдің қызметіндегі сәттіліктің кепілі болып табылады.

Екатерина ПАРШИНА,
ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология Комитетінің СҚО бойынша департаментінің бас маманы - СҚО мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік

АПВ ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯНЫ ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Ауданда адам папиллома вирусына қарсы белсенді егу науқаны өтуде. Өткен аптада Мағжан Жұмабаев аудандық ауруханасында адам папилломавирусына (АПВ) қарсы екпе жасау мәселелері бойынша дөңгелек үстел болып өтті.

Кездесуде аудандағы егу науқанының маңыздылығы және ауыл тұрғындарының осы вирус туралы хабарлар болу сұрағы талқыланды. Қазақстанда онкологиялық аурулардан болатын өлім-жітім екінші орында. Сондықтан АПВ қарсы вакцинацияны енгізу туралы шешім қабылданды.

Адам папилломавирусы - бұл әртүрлі мүшелердің терісі мен шырышты қабығын жұқтыратын вирус (мысалы, жатыр мойны немесе аногенитальды аймақ). Кейбір жағдайларда инфекция папилломалардың пайда болуына әкеледі (сүйел өсінділері).

Аталған дөңгелек үстелге қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, ішкі саясат, білім беру және денсаулық сақтау бөлімдерінің мамандары және ата-аналар қоғамының өкілдері қатысты.

«25 қыркүйектен бастап Мағжан Жұмабаев ауданында 11 жастағы қыздарды вакцинациялау басталды және бүгінгі күні осы жастағы екпе жасауға жататын 125 адамның ішінде 53 қыз балаға екпе егілді. Қосымша 12-13 жас аралығындағы 67 қыз бала (вакцинациялауға 125 адам жатады) қосымша иммунитетін енгізілді. Иммулдау қарқыны

бойынша аудан облыста осы вакцинацияны енгізу бойынша алғашқы орындарда, бірақ бұл бізге тиісті әсер ету үшін жеткіліксіз. Бұл әсерге жыл сайын 95% және одан жоғары контингентті вакцинациялау арқылы қол жеткізіледі», - деді аудандық аурухана мамандары.

Дәрігерлер атап өткендей, вакцинация проблемаларының бірі - бұл одан бас тарту болып табылады, қазір оның 74 дерегі тіркелген, басты себептері - ата-аналар мен вакцинацияланушылардың мемлекет жанаушылықтарына деген сенімсіздігі мен қорқынышы.

Медицина қызметкерлерінің айтуынша вакцина алғандардың жеке тәжірибесінен қарап отырсақ, Гардасил (АҚШ өндірген) препараттың 120 дозасын енгізген вакцинадан бүкіл республика мен Солтүстік Қазақстан облысы бойынша теріс көріністер орын алған жоқ. Барлық екпе алғандар өздерін жақсы сезінеді. Сондықтан екпе егуге қарсылық білдірмей, болашақта әртүрлі вирустардан сақтану үшін ДСМ ұсынған шараларға қатысу қажет.

СПОРТ

ЖАТТЫҚТЫРУШЫ-ОҚЫТУШЫ В.Г. ГЮНТНЕРДІ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ВОЛЕЙБОЛДАН АШЫҚ ТУРНИР ӨТТІ



Спорт шарасын аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Қанат Мұсатаев ашып, құттықтау сөз сөйледі.

Тартысқа толы жарыстың қорытындысына келсек, қыздар арасында жаттықтырушы-оқытушы В.К. Кондратов баптайтын Возвышен ОМ командасы жеңімпаз атанды. Ал Возвышен ОМ екінші командасы күміс жүлдеге қол

жеткізсе, Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының қыздары қола жүлдеге ие болды. Ұлдар арасында Ақжар ауданының волейболшылары жеңіс биік тұғырына көтеріліп, алтын медальды жеңіп алды. Ал

Петропавл қаласының «Жеңіс» ОРБЖСМ спортшылары күміс жүлдегер атанса, үшінші орында біздің ауданымыздың намысын қорғаған спортшылар иеленді. Чемпиондар мен жүлдегерлер кубоктармен, медальдармен және грамоталар-

мен марапатталып, әр команданың үздік ойыншылары да марапатқа ие болды. Жарысты ұйымдастырып өткізуге атсалысқан жаттықтырушы-оқытушы В.Г. Гюнтнердің туыстарына, аудандық дене шынықтыру және спорт бөліміне алғыс айтамыз.

Ермек ИСМАҒҰЛОВ,
БЖСМ басшысы.

С 15 ҚАРАША - ҚР ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

ҚАРЖЫ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТ

Қарашаның айының 15-і күні - Қаржы жүйесінің қызметкерлері төл мерекелерін атап өтеді. Қазақстанның қаржы жүйесі 1921 жылы құрылды, демек, бұл саладағы жұмыстың басталғанына бір ғасырдың жүзі болыпты. Ал Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тиімді қаржы жүйесі құрылды.

ҚАРЖЫГЕРЛЕРДІҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ЗОР



Қаржы саласы қызметкерлеріне мемлекет тарапынан кеңі бөлініп, кәсіби мерекелік күн белгіленіп, мән берілуі бекерден бекер емес. Өйткені елдің экономикалық міндеттерін жүзеге асыруда қаржы секторының алар орны ерекше. Сондықтан болар, еліміздің экономикалық қуатын еселеті, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын арттыру қаржы саласындағы жемісті еңбекпен тікелей байланысты.

Шынымен де, халыққа қаржы мәселесі бойынша қызмет көрсету жауапкершілікті талап ететін ауқымды жұмыс. Бұл салада қиың кетуге немесе қателесуге мүлдем болмайды. Себебі, олар бюджет түсімін немесе қаражаттың игерілуімен айналысу арқылы мемлекет шақырағының уығын ұстап тұр.

Ауданның экономика және қаржы бөлімі аудан бюджетін қалыптастыруға, мемлекеттік қаржыны жеңілдету меншікті басқаруға, мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен басымдықтарын айқындауға атсалысады. Бұл салада қажырлы еңбек етіп жүрген қызметкерлер ауданымыздың бюджеттік мәселесін, шығындардың мақсатты және уақытылы игерілуін, кірістердің жоспарға сай орындалуын қадағалайды.

Бөлімде 9 мемлекеттік қызметші,

1 азаматтық қызметкер еңбек етеді. Одан қалды, әр мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарда, жеке кәсіпорындарда, қазынашылық органы мен банктарда есепшілер мен қаржыгерлер, ауылдық округтерде бас маман-бухгалтерлер абыройлы қызмет етіп келеді.

Бүгінгі таңдағы ауданның жеткен жетістіктеріне барлық қаржы саласы қызметкерлерінің қосқан үлесі зор. Сондықтан Сіздердің еселі еңбектеріңіз бен білімдеріңізді, біліктіліктеріңіздің арқасында біздің өңіріміздің экономикасы қарқында дамып келе жатқан аудандардың қатарынан көрінуде.

Осыған орай, қаржы жүйесінің барлық қызметкерлерін кәсіби мереке - қаржыгер күнімен шын жүректен құттықтаймын. Ауданның экономикалық тұрақтылығы мен дамуы аталмыш орган қызметкерлерінің кәсіпқойлығына, жауапкершілігіне, адалдығына, алға қойған күрделі міндеттерді жүзеге асыруға деген талпыныстарына байланысты. Ендеше, барша әріптестеріме, жемісті жұмыс, мақсатқа жетуде шыдамдылық пен батылдық, мықты денсаулық тілеймін!

Азамат ҚЫРБАЙБАЕВ,
экономика және қаржы бөлімінің басшысы.

Елімізде қаржы саласы қызметкерлерінің төл мерекесі 15 қараша - Ғитман әлемнің күнімен бірге мерекеленеді. Қаржы саласының қызметкерлері еліміздің әлемдік экономикаға өзіндік үлесін қосып, халықаралық нарықты еркіндік жөніндегі жұмыс істейді, инфрақұрылымды дамыту және қаржылық нарықтың тұрақтылығын сақтауға, мемлекеттің өсімі мен өрлеуін қамтамасыз етуге, халықтың әл-ауқатын арттыруға арналған бағдарламаларды жүзеге асыруға өзіндік үлесін қосып отырады.

Бүгінде көз көлген кәсіпорынды, мекеме мен ұйымдарды есеп-қисаптың жілігін шағатын есепшісіз елестету қиын. Санмен жұмыс жасайтын майталман мамандар әр салада жетерлік. Солардың бірі - Ноғайбай би ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман бухгалтері-салықшысы Шынар Құсайынова.

1975 жылы 6 қарашада Қарағанды ауылында дүниеге келген Шынар Қайырбекқызы туған жеріндегі мектепті бітіріп, 1992-94 жылдары Түмен сауда техникумында оқиды. Қаржы маманы атанған соң, алған білімін жетілдіру мен оны шыңдау мақсатында 2001 жылы Орта Азия университетін бухгалтер-аудитор мамандығы бойынша тәмамдайды.

Шынар Құсайынова еңбек жолын Возвышен ауданының білім бөлімінде материалдық үстел есепшісі болып бастап, аудан жабылғанша жұмыс істейді. 1997 жылы туған ауылындағы орта мектепке бухгалтер болып кіріп, 2005 жылға дейін қызмет атқарады. Одан кейін ол мемлекеттік қызметті таңдап, ауылдық округ әкімі аппаратына бас маман бухгалтер-салықшы болып орналасады. Мұнда кейіпкеріміз округ қаржыгері болып, Ноғайбай ауылдық округі әкімі аппаратына ауысады. 2020 бастап қазіргі уақытқа дейін Шынар Қайырбекқызы бас маман бухгалтер-салықшы лауазымын атқарып келеді.

Қаржы саласы алдымен мұқияттылықты талап ететін сөзсіз. Өйткені сандар сынды көшірмейді. Ал сол сандарды сайрата білген сала маманы бүгінде өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарады.

Мәселен, бас маман бухгалтер-салықшы күнделікті жұмысында бухгалтерлік есепті, бюджет қаражатының жұмсалыуын және бюджеттік бағдарламалардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады, есептік-қаржылық құжаттаманы жүргізу. Тауар-материалдық құндылықтарды есепке алу, жалақыны есептеу және заңда белгіленген аударымдарды, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ жарналарын уақтылы аудару, мемлекеттік сатып алу бойынша есептілікті ұсынады, салықтық есепке алуды жүргізу, салық органдарына, статистика органдарына есептілікті ұсынады, салық төлеуші - жеке тұлға төлейтін мүлікке, көлік құралдарына, жер салығын жинауды ұйымдастырады. Бұл Шынар Қайырбекқызы атқаратын қызметінің басты бағыттары. Одан да бөлек басқа да функционалдық міндеттері бар.

- Ауылдық округтің 2024 жылға арналған бюджеті енгізілген түзетулермен 2396665,8 мың теңгені құрайды. Жыл аяқталып келе жатқандықтан барлық салық 100 пайыз жиналды. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу» порталындағы жұмыс арқылы мемлекеттік сатып алу жүзеге асыру, мемлекеттік сатып алу жоспарын жасау, сатып алу рәсімін жүргізу, оларды қазынашылық орган-



дарында тіркеумен шарттар жасау бойынша да қызмет атқарамын, - дейді Шынар Құсайынова.

Шынында да, қаржымен жұмыс жасау асқан жауапкершілікті талап етеді. Тек өз ісіне берілген мамандар ғана мекеменің қаржылық қызметін сапалы жүргізе алады. Біздің кейіпкеріміздің бойында мұның бәрі бар. Көп жылғы мол тәжірибесінің арқасында ол айтарлықтай жетістіктерге жетіп, аудан және округ әкімдерінің Алғыс хаттарына ие болған өз ісінің майталманы.

Шынар Қайырбекқызы әкімдіктегі қызметімен қатар, отбасын ұйытып отырған асыл жар, аяулы ана. Өмірлік қары - Ерген Ағыбайұлы жеке шаруа қожалығын басқарады. 2000 жылы шаңырақ құрған ерлі-зайыптылар бүгін үш сұлу қыздың сүйікті ата-анасы. Тұңғыштары - Меруерт қазақ тілі пәнінің мұғалімі, ол Петропавл қаласындағы №7 мектепте оқушыларға сабақ береді. Шаңырақтың екіншісі - Гаухар Астана қаласындағы Назарбаев университетінің 4-ші курс студенті. Ал үшінші кенжесі - Мәлдір Петропавл қаласындағы «Білім-инновация» лицейінде 7-ші сыныпта оқиды екен.

Саналы гұмырын қаржы саласына арнап келе жатқан бас маманының еңбек жолы туған жерімен тығыз байланысты. Қай мекемеде жұмыс жасаса да, Шынар Құсайынова өзін білікті де білімді маман ретінде көрсетіп келеді. Бұл, әрине, оның ата-анасынан қанмен дарыған ерекше қасиеттерінің арқасы. Бүгінгі балапандарына да сол еңбекқорлық пен адамгершілікті сіңіріп келе жатқан кейіпкеріміз арқашан да адал еңбекті дәріптеп, оны қалқысыз қызметімен дәлелдеп жүр.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

С 15 ҚАРАША - ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА - ТЕНГЕ КҮНІ

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА – ТЕНГЕНІҢ АЙНАЛЫМАҒА ЕНГЕН КҮНІ

Төл валютамызды дайындау жұмыстары 1992 жылы қолға алынып, сол жылдың 27 тамызында Ұлттық банк теңге купюрасының үлгілерін бекіткен еді. Содан кейін қазақ валютасын салған суретшілер Тимур Сүлейменов, Меңдібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов, Қайролла Әбжелеловтер Англияға аттанды. Ұлттық валютаны «теңге» деп атауды ұсынған Халықаралық Инженерлер академиясының академигі, Қазақстанның белгілі ғалымы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері Сауық Тәжежанов еді.

«Теңге» сөзі – түркі халқының орта ғасырда есеп айырысқан күміс монеталарының атынан пайда болған.

Осылайша теңге атауының қайта оралуы – XIII ғасырда өз монеталары соғла бастаған еліміздің Отырар мен Тараз сияқты ірі қаласының дәстүрін жалғастырады. 1992 жылы теңге дизайнындағы портреттер бекітілді. Ал 1993 жылы алғашқы теңге партиясы Англияның ең көне және айғлі «Харрисон және ұлдары» фабрикасында басылып шықты. Бұл жағында ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев былай деп еске алған еді: «Ил-76» төрт ушағын жалдап алып, ақшамыздың 60 пайызын тасып әкелдік. Бұл өте құпия операция еді.

Құжаттарға: «Мемлекет басшысының салынып жатқан резиденциясына керекті мүлік» деп жазылды. Оған дейін облыстарда жерасты қойма жасатып қойдық. Төрт ушақ аптасына Лондон-Орал, одан Орлыстарға дейін ерлі-берлі оң сегіз рейс жасап тұрды. 12 қарашаны мен ақшаны енгізу күні деп жарияладым. Жиырма күнге жетер жетпес



Егеменді елімізде 15 қараша Ұлттық валюта – теңгенің айналымға енген күні және қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі тойланады.

уақыт қалды. ҰҚК басшыларының бәрін операцияны өткізуге жұмылдырдым. Ең қиыны, ақшаны барлық аудандарға, барлық банкілерге жеткізу. Ол сегіз күннің ішінде атқарылып шықты. Бәлкім дүниежүзінде жаңа ақшаны енгізу тап осындай тез әрі табысты жүзеге асырылған жоқ шығар...»

1993 жылдың қазан-қараша айларында Қазақстан рубль аймағынан толықтай шығып, 15 қараша күні теңге ресми айналымға енді. Ескі ақшаны қазақстандық теңгеге айырбастау сол жылдың 15 қарашасы таңғы 8.00-де басталып, 20 қараша күні 20.00-де аяқталған еді. 1994 жылы қағаз тиындрардың орнына жезден жасалынған 2,5,10, 20 және 50 номиналды монеталар шықты. 2006 жылы 15 қарашада 200, 500, 1000, 2000, 5000 және 10000 теңгелік банкноттар жаңа дизайнға қарыққа шықты.

Қазіргі уақытта банкноттар Ұлттық банктің Алматы қаласындағы Банкнот фабрикасында, ал монета – Өскемендегі Монета сарайында шығарылады. Теңгенің алғашқы банкноттарында Сүйінбай Аронұлы, Құрманғазы, Абай, Шоқан Уәлиханов, Әбілқайыр хан, Абылай хан, әл-Фараби сынды белгілі тарихи тұлғалардың портреттері, Алатау мен Көкшетау көріністері, Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің бейнесі, Маңғыстаудан табылған тастағы таңбалар пайдаланылды. Бір теңгелік банкнотқа Әбу Насыр әл-Фараби, үш теңгелікке Сүйінбай, бес

теңгелікке Құрманғазы, он теңгелікке Шоқан, жиырма теңгелікке Абай, елу теңгелікке Абылай хан бейнесі сомдалды. Кейіннен теңгедегі тарихи тұлғалардың бейнелері алынып тасталды, дизайнды өзгертілді.

Бірақ Қазақстан теңгесі өз тарихында үш жыл қатарынан «Үздік банкнот» атағын алған валюта ретінде тарихта қалды. Жыл сайын халықаралық банкнот қоғамдастығы интернет-дауыс беру арқылы жылдың ең үздік банкнотын анықтайды.

Дәл осы қоғамдастық «2011 жылғы ең үздік банкнот» атағын Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған 10 000 теңгелік естелік банкнотына берген болатын. Келесі жылы да ҚР Ұлттық Банкінің «Қазақ Елі» сериясынан 5 000 теңгелік банкноты екінші рет «2012 жылғы ең үздік банкнот» атағын иеленді. Ал Түркі жазба ескерткішіне арналған, 1 000 теңгелік «Құлттегі» ескерткіш банкноты үшінші «2013 жылғы ең үздік банкнот» атағы берілген. Ұлттық банк алғашқыда 1 теңгені сол кездегі 1000 рубльге бағалаған болатын.

Алайда, кейін еліміздің саяси және әлеуметтік мемлекетарлық қатынастары ескеріліп, 1 теңге 500 рубль бағамында белгіленді. Сондай-ақ теңге бірінші айналымға кірген күні 1 доллар 4,75 теңге болып бекітілді. Қазіргі уақытта – 1 рубль – 5,96 теңге, 1 АҚШ доллары – 429,59 теңге. Мемлекет басшысының Жарлығымен 1997 жылдан бері 15 қараша – төл валютамыздың туған күні әр қаржыгерлер күні болып белгіленді.

17 ҚАРАША - АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ТАМАҚ ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ МАҒЖАНДЫҚ ЕҢБЕККЕРЛЕРДІҢ ЕСЕЛІ ЕҢБЕГІ АҚТАЛДЫ

Бүгіндері мағжандық дикандар да барлық күш-жігері мен жинақталған іс-тәжірибесі маңдай термен өсірілген ел ризығын шашпай-төкпей жинап алды. Уақытпен санаспай еңбек етуге дағдыланған ауылдықтардың басты мақсаты – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өз үлестерін қосу. Қай шаруашылық болсын күзгі жиын-терген науқанына сақдай-сай дайындықпен келгендері бірден байқалады.

Бұған шаруақор дикандардың минералды тыңайтқыштарды өз уақытында жеткізіп, арашөптерді уақытында жойып, өскінді көзінің қарашығындай қорғап отырған, озық техникалармен жұмыс істегені сеп болғаны сөзсіз. Әрине, шаруашылықтар егістің уақытылы жиналуы мен астық сапасын сақтау мақсатында ерекше тәсілдер мен заманауи технологияларды пайдаланды. Мемлекет астықты кептіру мақсатында арзандатылған дизель отыны мен сұйытылған газ бөлді.

Жалпы биыл 332,1 мың гектардан 600 мыңнан тонна астық жинап, орташа өнімділік гектарына 20 центнерді құрады. Ал майлы дақылдардың 68,1 мың га аумағынан 66,0 мың тонна өнім жиналып, орташа шығымдылық гектарына 10 центнерді құрады.

2024 жылы минералды тыңайтқыштарды сатып алу жоспары 18,9 мың тоннаға құрады, 19,4 мың тоннаға (103%) шарттар жасалды, 18,8 мың тонна (100%) төленді, 208,2 мың га алаңға 18,8 мың тонна минералды тыңайтқыш енгізілді.

Элиталық тұқымдардың үлесін арттыру жоспары 9,2%-ға орындалды. Келесі жылдың өгіс жұмыстары үшін ауданның ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері 5731,05 тонна көлемінде тұқым әкелді. Оның ішінде элиталық тұқымдар көлемі - 4507,6 тонна.

Арашөптерге қарсы 387,7 мың га алқапта жұмыстар жүргізілді, бұл жоспарлы көрсеткіштің 111,9%-ын құрайды. Сұлғыға қарсы өңдеу 58,1 мың га алаңда, зиянкестерге қарсы – 47,8 мың га алаңда (жоспардан 597,5%), ауруларға қарсы – 81,4 мың га



Солтүстікте орақ науқаны Республика күні қарсаңында толық аяқталды. Жер ана да тесін иіп беріп, облыс билер рекордты көрсеткіш – 6,2 млн тонна астық жинады. Әрине, орақ өнді басталған тамыздың екінші жартысынан бері үзілмей тұрып алған нәсер салдырған астық жиналмас деген қауіп болғаны рас. Әйтеуір қыркүйектің басынан тұрған ашық күндер астықты жинап алуға мүмкіндік берді.

алаңда (жоспардан 177%) химиялық отау жүргізілді.

Мемлекет тарапынан қаржыландыруға келетін болсақ, келесідей бағдарламалар бойынша жүзеге асты: - «Агробизнес» - 508,1 млн. теңге сомасына 11 кредит. - «Кең дала» - 2055,0 млн. теңге сомасына 56 кредит. - «Іскер» - 23,0 млн. теңге сомасына 2 кредит. «Оңтүстік» ӘЖК желісі бойынша 3,490 млрд. теңге сомасына 12 АШТӨ қаржыландырылды. «Азық-түлік кор-

порациясы» ҰК» АҚ 2,9 млрд. теңге сомасына қаржыландырылды.

2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте жалпы сомасы - 4,8 млрд. теңгеге 166 бірлік жаңа техника мен құрал-жабдық сатып алынды, оның ішінде тракторлар – 20 бірлік, астық жинайтын комбайндар – 25 бірлік, өгіс кешендері – 4 бірлік, сепкіштер – 71 бірлік және басқа да құрал-жабдықтар - 46 бірлік.

Жалпы күз кезінде 300,0 мың га алқапта сүдгер жыртылып, ол жоспарға сай 100%

құрады. Келесі жылға 48,1 мың тонна дәнді дақылдар тұқымы әзірленсе, майлы дақылдардың 135 тоннасы қоймаға құйылған.

Биыл әзірленген шөптің көлемі – 82,1 мың тонна немесе 134,0 % (жоспар - 61,3 мың тонна), пішендеме - 38,5 мың тонна немесе 202,3 % (жоспар - 19,0 мың тонна), сүрлем – 70,3 мың тонна немесе 291,7 % (жоспар - 22,6 мың тонна). Халықты шөптен қамтамасыз ету - 100% немесе 25,1 мың тоннаны құрайды, жоспар бойынша 25,1 мың тонна.

Ауданда 17 957 пай алушылар бар. Қазір пайларды беру жұмыстары басталып, бүгінгі таңда тұрғындарға пай жем немесе ақшалай түрде беріліп жатыр.

Жалпы мағжандық дикандар қолайлы күзгі ауа райын ұтымды пайдаланып, алтын дәнді ысырапсыз уақытында жинап алды. Ризығын жерден тапқан барлық ауыл еңбеккерлерін жауапты науқанның аяқталуымен және ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Иә, ауыл шаруашылығы – азаматтарымыздың өмір сапасына тікелей әсер ететін экономиканың басты салаларының бірі. Сіздердің тынымсыз, тіршілікке қажетті еңбектеріңіздің арқасында бүгінде отандық аграрлық сектор нық дамып келеді. Әрине, біз одан әрі еңбектеніп, еліміздің игілігі үшін әлеуетімізді арттыра беретін боламыз.

Төл мереке күні бар өмірін туған жерге арнап жүрген мағжандық дикандарға табысты еңбек және төккен тердің жемісін көруге тілектеспін. Қажырлықпен атқарған жұмыстарыңыз жақсы нәтиже беріп, табиғаттың дүлей күші айналып өтіп, жылда еккен дәндеріңіз көл-кесір өніммен қуантсын! Дендеріңізге саулық, бақыт, отбасыларыңызға береке тілеймін!

Әлібай ҚҰСАЙЫНОВ,
ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы.



ЖАС КЕЛІСЕ, ІСКЕ!

ОРАҚ НАУҚАНЫНДА СТУДЕНТТЕР ДЕ АЛҚАПТАРДА ТЕР ТӨКТІ

Булаев қаласындағы «Кәсіптік даярлау және қызмет көрсету колледжі» ҚММ-де оқитын мағжандық студент-практиканттар ауданның егістіктерінде беделді астық өсірушілермен иық тіреспіп еңбек етуде. Біздің студенттердің машықтары мен дағдыларын тәжірибелі қызметкерлер мен кәсіпорын басшылары жоғары бағалайтынын атап өткен жөн. Быылғы жылы егін жинау науқанына колледждің жоғары курсының 58 студенті жұмылдырылды.

Болашақ механизаторлар ересек тәлімгерлермен бірге мол өнім жинауға атсалысты. Мәселен, дәнекерлеушілер шеберханаларда жұмыс істеп, егістіктерге шығып, техника мен агрегаттарды жөндеуге көмектесті, ал жас аспаздар егістікте еңбек еткен жұмысшыларға түсік ас дайындады. Осылайша, әр студент орақ науқанының сәтті аяқталуына өз үлесін қосты. Кәсіптік даярлау және қызмет көрсету колледжінің 40 әлеуметтік серіктесі бар: олар аудан

Солтүстік Қазақстан облысы - елдің астықты өңірі, яғни ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің күні біздің аграрлық өңір үшін басты әрі маңызды мереке. Мағжан Жұмабаев ауданы әрдайым өзінің тракторшы, комбайншы, тұқым өсіруші және басқа да көптеген ауыл шаруашылығы мамандарымен тығыз байланыста болған жер. Ауданымыздың ауыл шаруашылығы құрылымдары жыл сайын дәстүрлі түрде жоғары нәтижелер көрсетіп келеді және өндіретін өнімінің саласымен бүкіл республика бойынша танылған.

және Булаев қаласының кәсіпорындары. Осы шаруашылықтармен тығыз қарым-қатынас орнату арқылы колледж өз студенттеріне баға жетпес практикалық тәжірибе алуға мүмкіндік береді. Өйткені, аграрлық істегі ұрпақтар сабақтастығы өте маңызды, студенттік кезде алған білімнің теорияда қолданып, колледждің шеберханалары мен зертханаларында алған дағдысы нақты істе, кәсіпорындардағы тәжірибелі тәлімгерлердің қанатының астында сыналуы аса қажет. Осы орайда, мен студенттерді практикалық оқыту бойынша бірлескен жұмысты белсенді жүргізіп жатқан «СК – АГРО2050» ЖШС, «Таманское» ЖШС, «Куломзино» ШҚ,

«ДОС» ШҚ, «Октябрьское АГРО» ЖШС, «Коньково» ШҚ сияқты ауданның бірқатар кәсіпорындарын ерекше атап өткім келеді. Колледж бұл кәсіпорындарға үлкен алғысын білдіреді, өйткені жас кадрларды тәрбиелеу ісіне жәрдемдесу бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің жоғары көрінісі болып табылады. Колледждің өндірістік оқыту шеберлері студенттердің тәжірибелік базаларын үнемі аралап, болашақ маман ретінде бейімделуге және жұмыс процесі мен ұжымға қабылдануына көмектесетін құнды кеңестер береді.

Біздің оқытушылар бұл іспен сәтті айналысып келеді, өйткені студенттердің еңбегі, машықтары мен дағдылары өндірісте өте

жоғары бағаланады. Әсіресе, Андрей Бачанцев, Степан Бондаренко, Илья Лобанов тракторшы студенттер ерекше мақтауға ие болды, сондай-ақ дәнекерлеушілер – Владислав Завада және Иван Михальцов, аспазы студенттер: Дарья Вигерич және Ольга Синельникова сынды түлектер де өзін жақсы жағынан көрсете білді.

Егістік алқаптары мен кәсіпорындардан келген студенттер іс жүзінде алған тәжірибелерін қыуа талқылайды, нақты жұмыс кезінде алған әсерлерімен және қызықты оқиғаларымен бөліседі. Қыс өте тез өтеді, жас жұмысшылар тағы да ауданның егістік алқаптарына шығып, тәжірибелі мамандармен бірге жаңа егін егіп, Отанымыздың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге атсалысады.

Батыр ӘБІЛМӘЖІНОВ,
кәсіптік даярлау және қызмет көрсету колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.



Дархан ҚЫДЫРӘЛІ: ЖОШЫ – ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ АТАСЫ



Алғашқы ұмтылыс

Қазақ хандығы — бір белес, қазақ деп аталатын хандықтың, тіпті бір ұлттың тарих сахнасына шығуы аспаннан түскен жок. Оның да арғы бір кезеңі, үзілмей келе жатқан алтын арқауы бар. Ол, өрине, Алтын Орда — Ұлық ұлысқа барып тіреледі. Жасыратыны жоқ, Алтын Орда тақырыбы ала-құла зерттелген, әсіресе, кеңестік кезеңде зерделуе көп рұқсат берілмеді. Сондықтан да, біздігі әуесқой тарихшылар көбінесе Шыңғыс ханның айналасын төңіректейді. Ал, мемлекеттің құрылуы, кейінгі кезеңдердегі ұлыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайы, Жібек жолының бойындағы өркениеттерді жалғастырушы ұлыстың кызметі, мәдениеті, әдебиеті жөнінде зерттеулер жүйелі жүргізілмеді. Осы тақырып бойынша 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы аталып өткенде біз Алтын Орда — Ұлық ұлыстың 750 жылдығын, содан кейін Жошы ұлысының 800 жылдығын атап өтуді ұсындық. Құр кө қарап отырмай, жұмысты да сол жылы бастап кеттік. Кейде қазақ халқының тарихы теріске бармайды, мемлекеттілік болмаған деген сияқты әңгімелер айтылып қалады. Бұл ретте, біз мемлекеттілігіміздің тамыры тереңде екенін нақты ғылыми дәлелдермен, дәйектермен айғақтау үшін ауқымды халықаралық экспедициялар ұйымдастырдық. Атап айтқанда, 2016 жылы Монғолияның Кентай аймағына халықаралық экспедиция жүргізілді. Келесі 2017 жылы «Кентайдан Ұлытауға» деген халықаралық экспедиция жүргізілді. Оған 18 елдің ғалымдары қатысты. 2018 жылы да бірқатар кітап шығарып, ірі жиындар өткіздік. 2019 жылы Парижде осы тақырып төңірегінде үлкен халықаралық конференция ұйымдастырдық. Оған әлемнің көрнекті ғалымдары қатысты. Сонымен қатар Ыстамбұлда, Астанада, Таразда, Бішкекте алқалы жиындар өтіп, жиырмаға жуық кітап шығардық. Соның ішінде Рашид ад-диннің «Жамиғ ат-таруахы» 5 томдық кітабынан бастап, түрлі құжаттар жинағы бар. Осылардың ішінде Жошы және Берке ата туралы монографияларды айрықша айтуға болады.

Тарихқа құлшыныс

Біздің бағамымызға орай, Жошы кесенесі — Шыңғыс хан және оның әулетінен калған жалғыз тарихи жәдігер. Бұл біздің Арқада тұр. Шыңғыс хан әулетінен тараған балалардан, немере-шөберелерінен қалған басқа ешқандай ескерткіш жоқ. Жошы туралы қаншама аңыздар, тіпті күй аңыздары сақталған. Мысалы, Ақсақ Құлан, Жошы хан сияқты фольклорлық мұраларымыз бар. Мәшһүр Жүсіптен жеткен қаншама әңгімелер — құнды дүние. Бір қызғыш, Монғолияда Жошы туралы дерек жоқтың қасы. Олар тіпті бертіңге, біз ғылыми экспедициялар жүргізгенге дейін Жошы ханды көп білмейтін еді. 2017-18 жылдан бастап қана олар Жошыға қызығушылықпен қарап, Ұлан-Батордағы Шыңғыс хан мұражайынан арнайы орын берді.

Ғалымдардың сөзіне сүйенсек, билі, 2014 жылы Жошының таққа шыққанына 800 жыл толып отыр. Бұл ретте «жақында ғана Ұлық ұлыс — Алтын Орданың 750 жылдығы тойланбады ма?» деген сұрақ туындайды. Біз Алтын Орданың дербестігін Жошының таққа шыққан сәтінен емес, Талас құрылтайынан бас-

таймыз. Талай мемлекеттер ту көтерген киелі Талас жерінде 1269 жылы Қайду ханның шақыруымен ұлы құрылтай өтіп, Ұлы далада Жошы Ұлысы (Ұлық ұлыс — Алтын Орда) мен Моғолстан бой көтергені белгілі. Қайдудың шақыруымен Талас өзені бойында Шағатай, Өгедей, Жошы әулетінің ханзада, нояндары жиналып, Орталық Азиядағы алғаш ұлы құрылтай өткізді. Бұл тарихта 1269 жылғы Талас құрылтайы деп аталады. Құрылтай өтетін жер ретінде тарихи Талас жерінің таңдап алынуы тегін емес еді. Қадым заманнан құтты қоныс болып саналатын бұл өңірде Оғыз ханның ордасы орналасты, түрік қағанатының түп қазығы қағылды, 751 жылғы Талас соғысы арқылы Таң империясына күйрете соққы берген түркілер алғаш рет ислам дінін қабылдады, одан кейін Баласағұн, Суяб, Тараз сымды қалалары бар Қарахан мемлекеті қанат жайды. Сондықтан Махмұт Қашқари кезінде «Ұлық Талас» деп өспеттеген, киіз туырылықты түркі жұрты үшін киелі мекенде Қайду құрылтай өткізді. Қайду басқарған құрылтайға Алтын Орданан Берке-хан мен Монке-темір, Шағатай ұлысынан Барак қатысты.

Жалпы, Жошы ұлысымен бірге Шағатай ұлысына және Моғолстанға да мән беруіміз керек. Себебі, сол кезеңде қазіргі Қазақстан территориясының солтүстік бөлігі Алтын Ордаға қараса, Оңтүстік Жетісу, Үш-Талас аймағы Моғолстан, Шағатай аймағы деп қаралғанын білеміз. Осылардың барлығын тұтас қарастыруымыз керек. Себебі, олардың арасында үлкен сабақтастық болды және Қазақ хандығын дүниеге алып келді. Атап айтқанда Қазақ хандығы осы Моғолстан жерінде дүниеге келгені ұмытпау керек.

Күмбезді құрылыс

Жошы өмірден өткеннен кейін Ұлы далада, Ұлытау өңірінде өсем кесенесі бой көтерді. Кесене маңында Жошы ордасы деген жер бар. Қаракеңір өзенінің жағасында орналасқан Жошы хан кесенесі порталды-күмбезді құрылыс түріне жатады. Күмбезді көгілдір түсті глазурмен жабылған, күйдірілген кірпіштермен қаланған. Ж. Смаиловтың жетекшілігімен Жошы хан мазарына жүргізілген қазба жұмыстары барысында шикі кірпіштен салынған қоныстардың орны анықталған. Ұлытау өңіріндегі бұл кесенелер туралы алғаш рет XVI ғасырдағы Хадиз Таныштың «Шараф-наме-и шахий» атты еңбегінде кездеседі. Аталған тарихи еңбекте 1552 жылдың көктемінде Бұхара билеушісі Абдаллахтың Ұлытауға жасаған жорығында осы Жошы хан кесенесі маңындағы сарайға тоқтағаны туралы жазылады.

Жошы хан кесенесі туралы академик Қаныш Сәтбаев «Доисторические памятники в Джезказганском районе» атты зерттеу мақаласында: «Басқағыл тауының оң жағында, Кенгір өзенінің жағасында күйдірілген кірпіштен соғылған, күмбезді, төртбұрышты көне үш кесене сақталған. Кесенедегі кірпіштің пішіні мен көлемі «алтынордалық стильге» жақын. Халық арасындағы аңызға сүйенсек, бұл кесенелер Алаша хан, Жошы хан және дөулексер күніш Домбауылға тиесілі екен» деп жазды.

Одан кейін 1946 жылы академик Өлкей Марғұлан Жошы хан кесенесіне алғаш рет археологиялық қазба жұмыстарын жүргізеді. Кесененің ішіне

Тол тарихымыз бен мәдени мұрамызды түгендеу — баяндау беллашақтың кепілі. Содан бөлдер, сөзгі жылдары Мемлекет басшысы Ұқасым-Жомарт Тоқаев атасы Алаш керегесі ағаш қазақтың тарихи құндылықтарын жаңғыртуға баса назар аударып келеді. Алысқа бармай-ақ, Атырауда өткен құрылтайда ел Президенті Жасшы ұлысы Қазақстанның мемлекеттілік дәстүрінде айрықша ерні алатынын айқындап, Жасшы ханның тарихи тұлғасына және қазақ тарихындағы ерні мен ролін зерделудің маңыздылығына текталған белатын. Бұл тарихи тақырыпты депутаттық сауалында көтеріп, зерттеу жұмыстарына белсенді атсалысты жүргізен сенатор, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі Дархан Қыдырәлі Алтын орда дәуіріне көз жүзіртін. Жасшы ханның қазақ тарихындағы ролі жайлы әңгімелен берді.

мұсылман гүрнімен жерлеуі әбден мүмкін.

Ұтымды ұсыныс

Биыл депутаттық сауалымды Жошы ханнан бастадым. Себебі, Жошының жұмбағы көп. Оның дүниеге келуіне, өліміне, тіпті өмір жолына қатысты деректер тарихшылар арасында дауға ұласып жатады. Не десек те, Жошының ерен еңбегі, өмір жолы тек қана Алтын Ордамен емес, кейін Қазақ хандығымен жалғасып кетті. Қазақ хандығы сол Алтын Орданың жалғасы ретінде құрылғанын ескерсек, Жошы бүкіл қазақ хандарының атасы болып саналады. Сондықтан ол үлкен тұлға ретінде зерттелуі керек. Ол туралы фильмдер түсірілуі керек. Жошының аты мектеп оқулықтарына кіруі керек. Ұлы тұлға туралы бір-екі сөйлеммен шектелмеуі керек.

Ұлт тарихын білмеу — қасірет! Алайда одан өткен қасірет бар, ол — тарихты жаңылыс білу. Ұлттық санаға тарихи сана негіз болады десек, бурмаланған түсініктен қате таным қалыптасады. Сондықтан тарихты дұрыс жазу және оқыту — тарихты жасаумен бірдей өзекті. Биыл аяқталатын Қазақстан тарихының көп томдығы Жошы ұлысына қатысты тың деректерді ұсынады деп үміттенеміз. Мектеп оқулықтары осы көптомдық негізінде қайта жазылғаны абзал. Онда Жошының қазақ хандарының атасы екені баса айтылуы тиіс. Сонымен қатар оқулықтарға қазақ мемлекеттілігінің бастаулары туралы да соны деректер енгізу керек. Мәселен, тарихи Талас құрылтайы өткен, Жетісу мен Сыр арасында құрылған Моғолстан мемлекетіне 6-7 сыныпқа арналған оқулықта 1 параграф, ал 10-сыныпқа арналған оқулықта 4-5 жол ғана арналған. Ал осы Моғолстан жерінде, Шу бойында Қазақ хандығының негізі қаланғаны белгілі.

Бір айта кетерлігі, ЖОО-дағы барлық мамандықтарға қазақ тарихы пәні оқытылуы тиіс. Осы пәнді методологиялық бірділікке келтіріп, мемлекеттілігіміздің бастауларына басымдық берілгені жөн. Жошы ұлысына арналған іргелі зерттеулер жүргізу, арнайы музей жасақтау, нысандарға Жошының атын беру, әдеби, мәдени жәдігерлерді жаңғырту мақсатында Жошы мен Едіге байқауларын өткізу, Ұлытаудағы ескерткіш кешендерді ЮНЕСКО материалдық мұралар тізіміне енгізу де өзекті. Оларға ақпараттық қолдау көрсету, танымдық деректі жөн көркем фильмдер мен балаларға арналған мультфильмдер ұсыну да маңызды.

Елордада Жошы ханға көше берілді. Бұл өте дұрыс шешім деп ойлаймын. Бұл іш шаруа еліміздің өзге шаһарларында жалғасын тапса нұр үстіне нұр болар еді. Енді Жезказған әуежайына Жошының есімін беру керек. Мысалы, Ұланбатыр қаласына атбасын тіресеңіз, сізді «Шыңғыс хан» әуежайы қарсы алады. Жезказған Ұлытау облысының орталығы той. Жошы хан, Алаша хан кесенесін тамашалауға келген тұрғындарды «Жошы хан» әуежайы қарсы ала, керемет емес пе? Қорыта айтсақ, Жошыны насихаттау шаралары үздіксіз жалғасуға тиіс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, халықаралық аренадағы Алтын Орда — Ұлық ұлы туралы түсінік Қазақстанмен тікелей байланысты болуы керек.



Дүйсенбі, 18 қараша	Сейсенбі, 19 қараша	Сәрсенбі, 20 қараша	Бейсенбі, 21 қараша	Жума, 22 қараша	Сенбі, 23 қараша	Жексенбі, 24 қараша
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӨДІГЕР». 06.30 «ИЖУ-МАРЖАН». 07.00 TANSHOLPAN. 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 02.45 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.10, 04.15 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10 АҚПАРАТ. 14.25, 00.15 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 15.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 03.20 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 22.15 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 23.15 «1001 ТҮН». 00.15 АТАМЕКЕН. 00.35 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 02.45 АҚПАРАТ. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.10, 04.15 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10 АҚПАРАТ. 14.25, 00.15 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 15.00, 21.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 16.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 03.20 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 23.15 «1001 ТҮН». 01.45 САНА. 05.15 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.55 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.10, 03.05 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10, 02.45 ҚОС ПАЛАТА. 14.35, 04.35 АРНАЙЫ ЖОБА. 15.00, 21.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 16.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 23.15 «1001 ТҮН». 01.45 САНА. 05.15 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.50 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.10, 02.45 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10, 04.20 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 14.55, 21.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 16.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 23.15 «1001 ТҮН». 01.45 САНА. 05.15 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.55 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 23.30 АҚПАРАТ. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.10, 02.30 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10, 04.30 АТАМЕКЕН. 14.40, 04.05 АРНАЙЫ ЖОБА. 15.00 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 16.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 00.35 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА. 22.35 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 00.05 НАРАСАТ МАЙДАНЫ. 01.30 САНА. 05.15 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.05 АУЫЛДАСТАР. 06.30, 17.00, 00.50 АҚПАРАТ. 07.00 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 07.50, 03.35 ҚОҢШ ТОЛҚЫНЫ. 09.00, 01.50 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.00, 20.00 ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҮП. 14.10 Д/Ф. 14.55 «МАХАББАТ БЕКЕТІ», Х/Ф. 17.20, 01.10 ҚОС ПАЛАТА. 17.40, 01.30 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 21.55 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 22.50 Т/Х «ҚАРА ТАҢБА». 02.40 АТАМЕКЕН.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.30 «АУЫЛДАСТАР». 06.35, 03.40 «ДӨУІР ДАНАЛАРЫ», Д/Ф. 07.05 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 08.00 КОНЦЕРТ. 09.40, 04.10 АҚСАУЫТ. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.00 «ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҮП». 14.20 «ҚОШ БОЛ, ГҮЛСАРЫ!». 16.50, 02.00 АТАМЕКЕН. 17.20, 02.30 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 20.00, 00.55 АПТА. 20.50, 01.45 АҚОРДА. 21.00 ҚОҢШ ТОЛҚЫНЫ. 22.15 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 23.15 «ҚАРА ТАҢБА», Х/Ф. 03.00 «КҮМІС КӨМЕЙ».

Дүйсенбі, 18 қараша	Сейсенбі, 19 қараша	Сәрсенбі, 20 қараша	Бейсенбі, 21 қараша	Жума, 22 қараша	Сенбі, 23 қараша	Жексенбі, 24 қараша
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «МАМА». 12.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00 Т/С «ҮЛКЕН ҮЙ». 15.00 Т/Х «МӨДЕННИЕТ ҮЙ». 15.30 ТАМАША. 16.00, 22.30 Т/С «УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА». 18.00 PRESIDENT . 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ӘЛЕУМЕТ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 21.45 Т/Х «НЕСІБЕЛІ НЕСИЕ». 00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «МАМА». 12.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00, 21.45 Т/С «НЕСІБЕЛІ НЕСИЕ». 15.00 Т/Х «МӨДЕННИЕТ ҮЙ». 15.30 ТАМАША. 16.00, 22.30 Т/С «УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА». 18.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ИТОГИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «МАМА». 12.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00, 21.45 Т/С «НЕСІБЕЛІ НЕСИЕ». 15.00 Т/Х «МӨДЕННИЕТ ҮЙ». 15.30 ТАМАША. 16.00, 22.30 Т/С «УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА». 18.00 КӨЗҚАРАС. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ТАЛҚЫ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «МАМА». 12.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00, 21.45 Т/С «НЕСІБЕЛІ НЕСИЕ». 15.00 Т/Х «МӨДЕННИЕТ ҮЙ». 15.30 ТАМАША. 16.00, 22.30 Т/С «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ». 18.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ИТОГИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00 Т/С «МАМА». 12.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН». 14.00, 21.45 Т/С «НЕСІБЕЛІ НЕСИЕ». 15.00 Т/Х «МӨДЕННИЕТ ҮЙ». 15.30 ТАМАША. 16.00, 22.30 Т/С «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ». 18.00 КӨЗҚАРАС. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ТАЛҚЫ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 «МӨРТЕБЕЛІ ӨНЕР». 06.30 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.30 КОНЦЕРТ. 08.30 ОЗ ЕЛІМ. 09.05 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 09.35 NEOSETB. 10.00 «УПС... НОЙ УПЬШ!». 11.15 М/Ф. 12.00, 21.45 «ИНОСТРАНЕЦ». 14.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 15.30 «СЕН BOSSЫҢ», Х/Ф. 17.15 ОЕМ ӨНДЕР. 17.45 АСЫЛ ДОМБЫРА. 19.00 COVER SHOW. 21.00 7 КҮН. 23.45 ОЙНАҚ. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 МӨРТЕБЕЛІ ӨНЕР. 06.30 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.30 КОНЦЕРТ. 08.30 ЖЕРУЙЫҚ. 09.00 Д/Ф. 09.30 М/Ф. 10.45 М/Ф «НИКО-2». 12.00, 21.45 «КОЛОМБИАНА». 14.00 COVER SHOW. 16.00 «ТУПСАНА ЖӘНЕ ЖАСЫЛ НӨСКИ». 18.00 ОЙНАҚ. 19.00 QUNAR+. 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 7 КҮН. 23.45 АЛҒАШҚЫ. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 18 қараша	Сейсенбі, 19 қараша	Сәрсенбі, 20 қараша	Бейсенбі, 21 қараша	Жума, 22 қараша	Сенбі, 23 қараша	Жексенбі, 24 қараша
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 Т/Х «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА». 07.00, 19.00 KÖREMİZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 13.05 Т/С «ЛИЦЕМЕРЬ». 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.15 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-2». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/Х «СИНЯЯ КНИГА».	06.00 Т/Х «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА». 07.00, 19.00 KÖREMİZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 13.05 Т/С «ЛИЦЕМЕРЬ». 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.15 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-2». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/Х «СИНЯЯ КНИГА».	06.00 Т/Х «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА». 07.00, 19.00 KÖREMİZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 13.05 Т/С «ЛИЦЕМЕРЬ». 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.15 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-2». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/Х «СИНЯЯ КНИГА».	06.00 Т/Х «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА». 07.00, 19.00 KÖREMİZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 13.05 Т/С «ЛИЦЕМЕРЬ». 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.15 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-2». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/Х «СИНЯЯ КНИГА».	06.00 Т/Х «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА». 07.00, 19.00 KÖREMİZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 Т/С «Я ИДУ ТЕБЯ ИСКАТЬ». 14.00, 02.20 НОВОСТИ. 14.15, 02.35 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.40 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-2». 02.50 Т/Х «СИНЯЯ КНИГА».	06.00 ҮШҚАЛАҚ. 06.25 Т/Х «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА». 08.25 П@УТИНА 09.25 ОЙМАҚ. 10.00 ПОЕХАЛИ! 10.50 «СПИНКА», Х/Ф. 13.00 «ГОСПОДА ОФИЦЕРЫ», Х/Ф. 17.00 «ТОЧЬ-В-ТОЧЬ». 19.00 KÖREMİZ. 20.00, 03.20 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.30 ЗАМЕН ЕЛ. 21.00 Т/С «ГДЕ ЖИВЕТ НАДЕЖДА». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.50 Т/Х «СИНЯЯ КНИГА».	06.00 Т/Х «МИССИС УИЛСОН». 07.00, 03.15 П@УТИНА. 08.05 ЗАМЕН ЕЛ. 08.35 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 08.50 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 09.40 «ЛЕТНИЙ СНЕГ». 14.00 «ГОСПОДА ОФИЦЕРЫ», Х/Ф. 18.00 «КАЖДОМУ СВОЕ», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «СЕМЕЙНЫЙ ПОРТРЕТ», Х/Ф. 00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.25 «СИНЯЯ КНИГА», Х/Ф.

Өмірдің екі тірегі:
үйренуден жалықпау,
үйретуден аянбау.
Дінмұхамед ҚОНАЕВ.



АҚ ТІЛЕК

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Аяулы анамыз, сүйікті әжеміз
БАҚЫТ ЖАНАЙДАРҚЫЗЫ ЫСҚАҚОВАНЫ
туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз.

Асыл анамызға темірдей төзімді денсаулық, баянды бақыт, немере мен жиендердің қызығын көрер ұзақ ғұмыр тілеп, жүрек түкпірінен шыққан мына өлең жолдарын өзіңізге арнаймыз:

Жанарыңда тұнып тұрған мейірім,
Кен гой, ана, бізге деген пейілін.
Ортамызда аман-есен жүріңіз,
Шат өмірдің көріп әрқес сейілін.
Мерейлі күні нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.
Туғандарыңыздың қызығына кенеліп,
Отбасыңызбен бірге ұзақ өмір сүріңіз.



Жүрекжарды тілекпен: **Жолымбетовтар жанұясы.**

Булаев қаласында тұратын сүйікті нағашымыз,
ардақты бауырымыз
БОЛАТ СЕРІКУЛЫ ЫСҚАҚОВТЫ

45 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Осы қуанышты күні туған күн інісіне денінің саулығын, отбасының амандығын, жүрегіне мәңгі жастық жалынын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тыңдырымды қалыңнан таңбай, еңбегінде мол табыстарға жете бер. Дос-жаран, туған-туыс пен әріптестеріңнің алдында абыройың биік болып, аңсаған армандарыңның асуларына жете беруге тілектеспіз.

Құтты болсын туған күнің, мейрамың,
Орындалсын арман-тілек ойларың.
Ұзақ ғұмыр кешіп мына өмірде,
Жүз жастың да тойын алда тойлағың.
Жыл сайын туған күнің бола берсін,
Басыңа баянды бақ қона берсін.
Жаратқан иеміз әрдайым желеп-жебеп,
Өмірің қуанышқа тола берсін.



Ақ тілекпен: **Жолымбетовтар жанұясы.**

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

БІРЫҢҒАЙ ЖЕР САЛЫҒЫ

Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолдану мақсатында жеке меншік және (немесе) жер пайдалану құқығындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің жиынтық алаңы (қайталама жер пайдалану құқығын қоса алғанда) Солтүстік Қазақстан облысы үшін белгіленген жер учаскесінің шекті алаңының 3500 га мөлшерінен аспауға тиіс.

Бірыңғай жер салығын есептеуді салық төлеуші есепті салық кезеңі үшін салық салу объектісіне 0,5 пайыз мөлшеріндегі ставканы қолдану жолымен дербес жүргізеді.



- Бірыңғай жер салығын төлеу мерзімі:**
- 1) салық кезеңінің 1 қаңтарынан 1 қазанына дейін есептелген сомалар - ағымдағы салық кезеңінің 10 қарашасынан кешіктірілмейтін мерзімде;
 - 2) салық кезеңінің 1 қазанынан 31 желтоқсанына дейін есептелген сомалар - есепті салық кезеңінен кейінгі салық кезеңінің 10 сәуірінен кешіктірілмейтін мерзімде.
- Бірыңғай жер салығын төлеу жер учаскесінің орналасқан жері бойынша бюджетке жүргізіледі.
Арнайы салық режимін қолдану

үшін салық кезеңі күнтізбелік жыл болып табылады.
Бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін Декларация есепті салық кезеңінен кейінгі салық кезеңінің 31 наурызынан кешіктірілмей жер учаскесінің орналасқан жері бойынша салық органдарына табыс етіледі.

АБАЙЛАҢЫЗ, АЛАЯҚТАР!

БЖЗҚ МАМАНДАРЫ АЗАМАТТАРҒА ҚОҢЫРАУ СОҚПАЙДЫ! МҰҚИЯТ БОЛЫҢЫЗ!

Соңғы кездерде БЖЗҚ салымшыларына қатысты алаяқтық әрекет жағдайлары орын алуда. Ол үшін әртүрлі жаңа сценарийлер ойлап табылуда.

Соның бірі - салымшылар мен алушыларға Қор қызметкерлерінің атынан қоңырау шалып, БЖЗҚ-ға зейнетақы аударымдары қате жасалғандығы, сол үшін оның бөлімшесіне бару қажеттігі және SMS арқылы хабарландыру тәсілімен кезекті электрондық брондауға мүмкіндігі бар екені туралы айтылады. Бұдан кейін алаяқтар телефонға келген талон нөмірін немесе кодты атап, растауды сұрайды. Осылайша олар сіздің банктік шоттарыңызға және жеке мәліметтеріңізге қол жеткізе алады.

- Мұндай алаяқтыққа жол бермеу үшін көлесіні білгеніңіз маңызды:**
- БЖЗҚ қызметкерлері азаматтарға қоңырау соқпайды! Сондықтан қырағы болып, бөгде адамдарға ышқандай код бермеңіз. Сондай-ақ, бейтаныс сілтемелерге өтпеңіз.
 - Өзіңізді қорғау әдістері:**
 - Өз кодтарыңыз бен құпиясөздеріңізді ешкімге, ешқашан айтпаңыз.
 - Ақпаратты ресми арналар арқылы төксеріңіз.
 - Егер Сізді әлдекім БЖЗҚ атынан мазалайтын болса, тұтқаны қойып, тікелей Қормен

хабарласыңыз!
• Қаржылық және зейнетақы қызметтерін алу үшін көмек көрсетуге уәде беретін делдалдардың қызметтерін пайдаланбаңыз. Себебі, сонымен бірге Сіз жеке деректеріңізді құйтырқы әрекеттерге пайдаланатын бейтаныс адамдарға сеніп тапсырасыз.

Осы ақпаратты өз жақындарыңызға таратыңыз. Олар да хабардар болып, қорғана жүрсін!
Барлық сауалдарыңызға жауап алып, ақпараттың дұрыстығын БЖЗҚ бөлімшелерінде де, қашықтықтан да:
- eprf.kz сайты, БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасы арқылы;
- байланыс орталығының 1418 нөміріне қоңырау шалу жолымен көп арналы тегін байланыс арқылы;
- сондай-ақ, +7 777 000 1418 нөмірі бойынша WhatsApp арқылы, БЖЗҚ-ның Одноклассники, Telegram, Facebook, ВКонтакте, X (Twitter) және Instagram сияқты танымал платформалардағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы да тексере аласыз.

АТА-АНАЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

БАЛАЛАРДЫҢ ИНТЕРНЕТТЕГІ ӘРЕКЕТІН ҚАЛАЙ БАҚЫЛАУҒА БОЛАДЫ

«Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялар, ұялы байланыс пен теледидардың маңызы арта түсті. Интернет тек ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынас, ойын-сауық және білім берудің әмбебап ортасына айналды. Интернет қолданушыларының саны да күн сайын артып келеді. Интернеттегі үздіксіз өсуіне және ауқымының кеңеюіне байланысты ондағы заңсыз материалдардың да саны көбейіп жатыр. Қазіргідей цифрлық өлемде балаларды желідегі қауіптерден қорғау маңызды мәселеге айналды. Мемлекеттік органдар осындай қауіптерге қарсы тұру үшін барлық қажетті шараларды қабылдап жатыр», делінген министрліктің хабарламасында.

Ата-ана бақылауына арналған танымал

Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми сайтында ата-аналардың балаларын қадағалауына арналған қосымшаларға шолу жасады. Қосымшалар онлайн-әрекеттерді қадағалауға және құрылғыларды пайдалану уақытын бақылауға көмектеседі.

- қосымшалар:
- Kaspersky Safe Kids: сайттарды бұғаттау, геолокация, белсенділік туралы есептер.
 - Dr.Web Security Space: антивирус және ата-ана бақылауы, контентті сүзу.
 - Qustodio (Испания): контентті сүзу, экран уақытын шектеу, әлеуметтік желілерді бақылау.
 - Net Nanny (АҚШ): контентті бұғаттау, экран уақытын шектеу және орналасқан жерді қадағалау.
 - Norton Family: сайттарды сүзу, пайдалану уақытын шектеу және іздеу сұрауларын

- қадағалау.
- Kidslox: экран уақытын шектеу, қосымшаларды бұғаттау және орналасқан жерді қадағалау.
- Parental Control Kroha (Украина): қосымшаларды бұғаттау, веб-бақылау, белсенділікке мониторинг жасау.
- Google Family Link: Android жүйесінде белсенділікті бақылауға арналған тегін қосымша. Ата-ана мен баланың құрылғыларына орнату қажет.
- Kidlogger: белсенділікті қадағалауға мүмкіндік беретін пассивті бақылау.
- Кірістірілген мүмкіндіктер: Android үшін



Google Play арқылы, iOS үшін — геолокацияны қадағалау үшін «Экран уақыты» және «Орналасқан жерді анықтау».

- TikTok Family Pairing: жасөспірімдердің TikTok қолдануын бақылау, экран уақытын шектеу және контентті сүзу мүмкіндігімен.

<p>Директор - бас редактор Несы ГОИЧАР</p> <p>Газеттің меншік иесі: «Газета «Егемен» ЖШС»</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150000 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баши көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-80. Басылым нөмірі: 65360 e-mail: magzhan.zhuldzizy@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Magjan Zhuldyz» газеті редакцияда теріпін беттеседі. «Сөзінші Қазақстан» баспаханасында басылады. (Петрованы к., Шушукы к-сі, 5 үй). Таралымы - 555</p>	<p>Газет аулан өзінің, аудандық мемлекеттік тапсырысты бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық сипаттағы жүргізушілерімен бағыланып табылады.</p>
<p>Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г күәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады</p>				